

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің шаруашылық басқармасы"
шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру
туралы"**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 наурыз N 288

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті өзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы" 1998 жылғы 11 қыркүйектегі N 880 Р980880_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің әкімшілік ғимаратын басқару базасында, оның негізгі міндеті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мүлкін басқару жөніндегі шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленіп, "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің шаруашылық басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ Кәсіпорынга қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгілесін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бір айлық мерзім ішінде:

оған жарғылық мақсатын жүзеге асыру үшін қажетті мемлекеттік мүлік объектілерін қоса отырып, Кәсіпорынның жарғылық қорын қалыптастырын;

Кәсіпорынның жарғысын бекітсін;
қолданылып жүрген зандардың талаптарына сәйкес Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қазандығы N 1473 Р971473_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 47, 440-күжат):

көрсетілген қаулыға 2-қосымша мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің шаруашылық басқармасы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығындағы)".

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Kazakhstan

Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК